Бекітемін
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі
Тәрбие және идеологиялық жұмыстар
департаменті бастығы

әділет полковникі **Т. Баекожаев**

2024 ж. «26» маусым

Қол сағат сатып алу және өнім берушіні таңдау тәсілдеріне негіздеме

Тауардың атауы: гравюрасы бар қол сағат.

«Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету» 047 бюджеттік бағдарламасының «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік әзірлігін арттыру» 100 бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша «Өзге де шығындар» 169 ерекшелігі.

Ұсынылатын сатып алу тәсілі: «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабы 3-тармағының 24) тармақшасы негізінде тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден.

Мемлекеттік сатып алуларды басқа тәсілдермен жүзеге асырудың мүмкіндігі болмағандағы себептердің негіздемесі:

2024 жылғы 30 мамырындағы Қорғаныс Минстрінің №9-1942 қбпү хаттамасының 2 тармағына сәйкес ҚР ҚМ Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті бастығына, ҚР ҚМ Қаржы және экономика департаментінің бастығына және 65235 әскери бөлімінің командиріне су тасқынына қарсы іс-шараларға тікелей қатысқан мерзімді әскери қызметшілерді марапаттау үшін естелік бағалы сыйлық (гравюрасы бар кварцты қол сағатын) сатып алуды ұйымдастыру тапсыры. Мерзімі 2024 жылдың шілде айы.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңның 41-бабының 1-тармағына сәйкес осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

Конкурстық рәсімдерді өткізу мерзімін ескере отырып жоспарланған іс-шараларының бұзылуына әкелуі мүмкін, аталған сатып алуды тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажеттігі туындайды, бұл туралы ҚР Қорғаныс министріне баяндалды және оң шешім қабылданды (2024 ж. 17.05. № 22-24255).

Мерзімді әскери қызметшілерді запасқа шығару алдында марапаттау іс-шараларын уақытылы ұйымдастыру мақсатында аталған тауарларды сатып алуды ұйымдастырудың неғұрлым оңтайлы және орынды тәсілі Заңның 39-бабы 3-тармағының 24) тармақшасында және ҚР Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №1220 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік, жұмылдыру дайындығын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік

әзірлігін арттыру» бюджеттік кіші бағдарламасы бойынша Республикалық бюджетте өкілдік шығыстарға көзделген қаражатты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың 11-тармағында көзделген шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілі болып табылады.

Өнім берушінің таңдау негіздемесі.

Заңның 41-бабының 5-тармағына сәйкес мемлекеттік сатып алу шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу осы Заңның 4-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаты, яғни мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау сақтала отырып жүзеге асырылады.

ҚР ҚМ Тәрбие және идеология жұмыстары департаментінің атына гравюрасы бар қол сағатын сатып алу үшін келесі әлеуетті өнім берушілердің коммерциялық ұсыныстары ұсынылды:

Механикалық сағатқа:

№ к/с	Ұйым	Бағасы теңгеде	Жеткізу күні
1.	«Astana Best Project» ЖШС	38 250	50 күн
2.	«Uni Design» ЖШС	39 000	45 күн
3.	«Сейтжанова Г.Ф.» ЖК	39 800	45 күн
4.	«MOLESKINE (МОЛЕСКИН)» ЖК	42 000	45 күн
5.	«Самғау» ЖК	52 000	65 күн
6.	«Айлин» ЖК	60 000	65 күн
7.	«NAIRA Group» ЖШС (премиум)	170 000	43 күн

Кварцты сағат:

№ к/с	Ұйым	Бағасы теңгеде	Жеткізу күні
1.	«Mawson's innovative technologies company» ЖШС	24 500	60-65 күн
2.	«Astana Best Project» ЖШС	26 400	50 күн
3.	«Сейтжанова Г.Ф.» ЖК	27 500	45 күн
4.	«Сейтжанова Г.Ф.» ЖК	29 000	45 күн
5.	«Самғау» ЖК	30 000	65 күн
6.	«Полиграф Спектр П» ЖК	31 000	40 күн
7.	«Swiss Watchers Kazakhstan» ЖШС	34 000	45 күн
8.	«BY HAPPY» ЖК	34000	45 күн
9.	«Uni Design» ЖШС	33 000	45 күн
10.	«РПК N1» ЖШС	33 530	90 ж/күн
11.	«MOLESKINE (МОЛЕСКИН)» ЖК	35 000	45 күн
12.	«NAIRA Group» ЖШС	35 000	43 күн
13.	«Токубаев Д.З.» ЖК	39 500	45 күн
14.	«Айлин» ЖК	40 000	65 күн

Рәсімнің объективтілігін және тауардың сапасын қамтамасыз ету, сондай-ақ жеткізушіні таңдау кезінде сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында ҚР ҚМ Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаменті бастығының тапсырмасы бойынша ҚР ҚМ Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің активті, қорды және көрсетілген қызметті қабылдау комиссиясының (бұдан әрі – Комиссия) келесі лауазымды тұлғалары жеткізушіні таңдауға тартылды:

комиссия төрағасы:

полковник С.Ж. Сейітбаев, ҚР ҚМ ТИЖД психологиялық және әскери-әлеуметтік жұмыс басқармасының бастығы;

комиссия мүшелері:

полковник Д.Д. Құдайбергенов, ҚР ҚМ ТИЖД жоспарлау және үйлестіру басқармасының бағыт аға офицері;

подполковник К.Ю. Куренков, ҚР ҚМ ТИЖД психологиялық және әскери-әлеуметтік жұмыс басқармасының аға офицері.

Жоғарыда аталған жеткізушілердің коммерциялық ұсыныстарын ескере отырып, ең төменгі бағаны белгілеген және тиісті сипаттамадағы қол сағаттарын жеткізуге дайын «Mawson's innovative technologies company» ЖШС компаниясы жеткізуші ретінде таңдалды.

<u>Бағаны негіздеу.</u>

Қол сағаттарын жеткізу құны Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтай отырып, «Mawson's innovative technologies company» ЖШС баға ұсынысына және ұсынылған үлгісіне сәйкес айқындалды.

ҚР ҚМ Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті бастығының орынбасары

полковник **Б. Шынтілеуов**

ҚР ҚМ Тәрбие және идеологиялық жұмыс департаментінің активті, қорды және көрсетілген қызметті қабылдау комиссиясы:

комиссия төрағасы:

полковник С. Сейтбаев

комиссия мүшелері:

полковник Д. Құдайбергенов

подполковник К. Куренков